

Ә.Ж. Сәуірбаева 

III курс PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: ashekei.sauyrbaeva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИА САЛАСЫН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада автор сана мәселесінің соңғы ғылыми және философиялық тұжырымдамаларын қарастырады. Осыған байланысты ақпараттық желілік қоғамда электронды БАҚ-ты нормативтік-құқықтық реттеудің кейбір мәселелері талданды. БАҚ қызметтері ақпарат алу мен таратудың, қоғамды дамытудың, дәлірек айтқанда, ақпараттық қоғам құрудың құралы ретінде әлеуметтік теориялар саласында жүзеге асырылады.

Мақаланың мақсаты – бүгінгі таңда Қазақстанда ақпараттық қоғамды дамыту стратегиясын өзірлеуде құқықтық реттеу контексіндегі масс-медиа мүмкіндіктері мен болашағын болжау тетіктерін ұсыну. Жаһандық медиакеңістіктен орын алатын қазақстандық медиакеңістік пен ақпараттық қоғамды қалыптастыру, өзара үйлесімде дамуына ықпал ететін факторларды сараптау.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық құндылығы ретінде ақпараттық қоғамды қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануды тұрақтандыру жағдайындағы ақпараттық қатынастарды реттейтін кейбір құқықтық нормалардың әлеуметтік ақпаратты берудегі ерекшелігі мен маңызы сипатталуы, соған байланысты тұжырымдар жүйеленіп, сарапталған. Ғылыми болжамдардың нақтылығын қамтамасыз етуде медиатеорияның нормативті немесе әлеуметтік сипаттарының маңыздылығына басты назар аударылған.

Ғылыми мақаланың басты нәтижесі – ақпараттық қоғамның қалыптасуымен бұқаралық ақпарат құралдарын реттейтін бұрынғы нормалардың жаңа талаптарға бейімделуі барысында туындаған мәселелер анықталды. Ақпараттық технологияларды тұрақты пайдалану жағдайындағы ақпараттық қоғамды құру алгоритімін табу үшін әлемдік тәжірибелерге талдау жасалады, соған байланысты зерттеу қазақстандық ақпараттық қоғам моделін қалыптастыру және дамыту жолында әлеуметтік медианы реттеудің маңыздылығын ғылыми тұжырымдармен негіздеуге бағытталды.

Түйін сөздер: ақпараттық қоғам, әлеуметтік медиа, конвергенттік журналистика, нормативтік құқықтық жүйе.

A.ZH. Sauyrbaeva

III course PhD doctoral students, Of L.N.Gumilyov National Universiti,
Kazakhstan, Astana, e-mail: ashekei.sauyrbaeva@mail.ru

Some issues of legal regulation of the media sphere of the Republic of Kazakhstan

Abstract. In this article the author considers the latest scientific and philosophical concepts of the problem of consciousness. In this regard some issues related to the legal regulation of electronic media in the network information society were analyzed. Mass media services are carried out in the field of social theories as a tool for obtaining and disseminating information developing a society namely forming an information society. The purpose of the article is to provide mechanisms for forecasting the capabilities and prospects of the media in the context of legal regulation in developing a development strategy for the information society of Kazakhstan today. Analysis of factors contributing to the formation and development of the Kazakhstan media space and the information society in interaction with the global media space.

Along with empirical methods such as description, control and comparison, theoretical axiomatic approaches to the analysis, systematization and sociometric approach to the materials of foreign scientists are applied to the analysis of the research topic.

The main result of the scientific article is the description of the model of the information society the identification of the problems of adapting the old norms governing the media to new requirements. To search for an algorithm for creating the information society in the sustainable use of information technology an analysis of world experience is carried out in connection with which the study vector is aimed at substantiating the scientific concept of the importance of regulating social media in the formation and development of the model of the Kazakhstan information society.

Key words: Information society, social media, convergent journalism, normative-legal system.

А.Ж. Саурбаева

PhD докторант III курса, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Казахстан, г. Астана, e-mail: ashekei.sauyrbaeva@mail.ru

Некоторые вопросы нормативно-правового регулирования медиа-сферы в Республике Казахстан

Аннотация. В данной статье автор рассматривает новейшие научные и философские концепции проблемы сознания. В связи с этим были проанализированы некоторые вопросы, связанные с нормативным правовым регулированием электронных СМИ в обществе сетевой информации. Услуги масс-медиа осуществляются в области социальных теорий, как инструмент получения и распространения информации, развивающий общество, а именно формирующий информационное общество.

Цель статьи – предоставление механизмов прогнозирования возможностей и перспектив масс-медиа в контексте правового регулирования в разработке стратегии развития информационного общества Казахстана на сегодняшний день. Анализ факторов, способствующих формированию и развитию казахстанского медиапространства и информационного общества во взаимодействии с глобальным медиапространством.

Основной результат научной статьи – описание модели информационного общества, выявление проблем адаптации прежних норм, регулирующих средства массовой информации, к новым требованиям. Для поиска алгоритма создания информационного общества в условиях устойчивого использования информационных технологий проведен анализ мирового опыта, в связи с чем вектор изучения направлен на обоснование научной концепции важности регулирования социальных медиа на пути формирования и развития модели казахстанского информационного общества.

Ключевые слова: информационное общество, социальные медиа, конвергентная журналистика, нормативно-правовая система.

Кіріспе

Қазіргі ақпараттық қоғам модельдерінің қалыптасуы мен дамуы кезеңінде тұрған Қазақстан үшін ақпараттық технологияны тұрақты пайдалану жағдайында желілік ақпараттық қатынастарды әлемдік тәжірибеге сүйеніп мемлекеттік құқықтық реттеу алгоритмін құру қазіргі жағдайда өзекті болып отыр. 104 Ақпараттық қоғамды қалыптастыру мәселесін тұтастай қарастыратын болсақ, онда қазіргі заманғы ерекшеліктермен ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуындағы технологиялық серпілістерге ғана емес, дәстүрлі әр түрлі секторларды – телекоммуникациялар, теледидар және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарын реттейтін ескі нормалардың жаңа шындыққа қаншалықты тез бейімделуіне байланысты. Бүгінде біз өркениетті жаңа үлгідегі қоғам – ақпараттық-желілік қоғамды қалыптастыру сатысында тұрмыз. Бүгінгі таңдағы ақпараттық-желілік қоғамның ақпараттық инфрақұрылымының типтік үлгісі – Интернет. Интернет барлық елдерде және барлық континенттерде ақпараттық кеңістікті ақпаратпен қамтамасыз етеді және ақпараттық қоғамды қалыптастырудың негізгі және белсенді алаңы болып табылады. NS Web Index мәліметтері бойынша, интернет – Қазақстандағы жалғыз өсіп

кележатқан медиаканал. 2015 жылдың шілдесінде ҚР-дағы интернет-пайдаланушылардың саны 3,47 млн.-ға жетті. SimilarWeb рейтингіне сәйкес, 10 танымал интернет сайттарының арасында бірінші орынды ВКонтакте, майл ру-2, Ютуб-3, Google-4, Фейсбук-7, Инстаграмм-10 иеленіп отыр. Қазақстанда соңғы жылдары әлеуметтік желілердің ақпарат кеңістігіне енуі артты. Мысалы, 2016 жылдың күзінде Фейсбук аудиториясының қазақстандық сегменті 1 млн адамды құраса, 2017 жылдың күзінде бұл көрсеткіш 2,5 млн адамға жетті. Бүкіл әлем бойынша әлеуметтік желіні пайдаланушылардың жалпы саны осы уақытта 2 млрд астам адам (ай сайынғы пайдаланушылар) болды.

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тұтынушыға қажетті ақпаратты таңдатып қана қоймай, күн тәртібін өзі анықтауға мүмкіндік берді. Кері байланысты жандандыру редакцияларға аудитория талаптарының өзгеруі мен қоғамдық пікірге жедел әрекет ету қажеттілігін туғызды (Lukanina M.V., 2006). Бүгінгі әлеуметтік желідегі Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары жаңалықтар мен хабарларды тарата отырып аудитория тартудың жаңа амал-тәсілдерін таба бастады. БАҚ жүйесі интернет платформаларын кеңірек пайдалана отырып аудиторияның қажетін қанағаттандыруда неғұрлым тиімділікке жетіп отыр. Электронды

БАҚ аудиторияның талғамына қарай жұмыс жасауға ұмтылыс жасаса, аудитория қолы бос кезде оқиғалар мен хабарларды әлеуметтік желілер арқылы көріп, комментарий беру арқылы тікелей байланыса алады. Сонымен қатар қоғамдағы өзекті проблемаларды шешуде (журналист-аудитория-билік) ашық орта бұл – электронды БАҚ тиімді орта болып қалыптасты және бұл шындық мойындалды. Осы орайда, біз «Қазақстан» ұлттық арнасының әлеуметтік желілердегі позициясын бірнеше параметрлер бойынша талдап көрдік. 2018 жылдың 11 қазан мен 09 қараша аралығын қамтылған талдауда қазіргі ақпараттық технологияны пайдаланудың БАҚ-ғы рөлі бағамдалды. Комментарий, лайк, жазылушылар мен хэштектардың белсенділігіне қарай БАҚ-тың рейтингісі құралатынына көз жетті. Лайк басу мен комментарийге қарай ақпараттарда мәселе көтеру немесе көтере білу, қай бағыттағы материалдар қызықты немесе қызықтыра алмаудың себебі қарастырылып, ақпараттың сапасын жақсарту үшін қадамдар жасалады.

Бұл зерттеулердің нәтижесі көрсеткен аптаның күні мен уақытына қарай таңдаулы, яғни ұлттық сананы қалыптастыратын жариялымдармен қамтып қалу маңызды. Журналист өз хабарының жақсы не жаман жақтарын, жіберген олқылықтарын немесе көтерген тақырып бойынша аудиторияны тарту жағын нақтылап, жұмыс істеу бағытын дамытады. Ақпараттық технология БАҚ функциясына интерактивтілікті енгізіп қана қоймай оның дамуына айтарлықтай ықпал ететін фактор болып отыр.

Конвергенция тұтынушыларды жаңа ақпаратты іздеуге және медианың бытыраңқы мазмұны арасында байланыс жүргізуге ынталандыратын мәдени өзгерістер болып табылады. Бүгін бізді жай ғана «медиа үшін пассивті көрермендер» ретінде ғана емес, біз тұтынған хабарламаларға барынша тартылуды сұрайды (Marcus A., 2014).

Осындай жаңа технологиялардың функциялары мен артықшылықтары әр түрлі БАҚ өнімдерін әлемдік нарыққа шығару жолындағы кедергілерді төмендетті, кең аудиторияны тартуға және тұтынушы үшін оған қолайлы ресурсты таңдауға мүмкіндік берді. Бұдан көріп отырғанымыздай қазіргі қоғамдағы телекоммуникацияның, компьютерлердің және IT-компаниялардың мәні артып нәтижесінде технологиялық прогрестің дамуымен БАҚ-тың функциясы мен рөлі айтарлықтай өзгерді, мамандар «біздің көзімізде газеттердің баспа нұсқалары, дәстүрлі

радио ғана емес, сонымен қатар бұқаралық эфирлік телевизияның да интернет алдында коммуникация арнасы ретінде ұстанымдары бар. Жылдамдығы, ұтқырлығы, мультимедиялық, әмбебаптығы, интерактивтілігі – міне, қазіргі редакцияның және қазіргі заманғы медиакеңістіктің түйінді сөздері» (Макушин А.Б., 2010), деп бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары функцияларындағы моделдік жаңашылдықты атап өткен. Айта кету керек, интерактивтілік интернет-БАҚ-тардың аналогтар алдындағы артықшылықтарының негізі болып табылады. Интерактивтілік – бұл жүйе элементтерінің ақпараттық алмасуымен қол жеткізілетін жүйені ұйымдастыру принципі. Интерактивтілік элементтері басқа жүйемен/ адаммен өзара іс-қимыл жасайтын өзара іс-қимыл жүйесінің барлық элементтері болып табылады.

Н.П. Кравченко, С.С. Шувалов «Конвергенция как элемент становления, укрепления и развития перспективной коммерческой модели современных российских региональных СМИ» деп аталатын мақалада «...медиа қызметінің коммуникативтік құрамдас бөлігінің коммерциялық әлеуетін іске асыру болып табылады. Шын мәнінде, бұл модель үшін контент емес, аудиториямен кері байланыс механизмдерін пайдалану түрлері мен нысандары маңызды: алдыңғы орынға ақпараттандыру емес коммуникация шығады» дейді (Кравченко Н.П.; Шувалов С.С., 2014). Бұл тұжырым коммерциялық ұтымдылықты көздегенмен, сауатты ақпараттық қоғам қалыптастыруда кері байланыстың ұтымдылығы және БАҚ-тың қызметін құқықтық реттеу мәселелеріндегі контенттің (ақпараттың) рөлі мен маңызын жоққа шығарған сияқты көрінуі мүмкін. БАҚ-ғы контенттің орнын анықтай түскен С.Батманов былай дейді: «тұтынушы қол жетімді ақпарат ағынында адасып қалуына болады, олар үшін онлайн БАҚ жаңалық көзі болып саналмайды да. Бұның алдын алып контенттің сапалы жасалуына БАҚ өкілдері күш салуы тиіс. Ұсынылған контентті олар мұқият ойластыруға қабілетті және міндетті; ақпараттың бірнеше бытыраңқы фрагменттері бар болса, содан тұтас, құнды материал құрастыруға болады. Осындай сапалы контент ұсынған сайт өз аудиториясын ұстап қалады және олар сол ақпарат көзіне қайта және қайта оралуға мәжбүр болады». Бұл тұжырым журналистерге аудиторияны тартудың жолын көрсетумен қатар ақпаратты жасау әдісімен де бөліскен (Батманова С., 2009). Интернет технологиялар ақпараттық кеңістікті қалыптастыратын және дамытатын, сондай-ақ

интернет пен ақпараттық кеңістік арасындағы өзара байланысты нақтылайтын үрдістердің бірі деп есептейміз. Бұқаралық ақпарат құралдарын құқықтық реттеу ақпаратты берудің жария тетігі ретінде интернеттің және ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың конвергенциясы процесінің мәніне сәйкес өзгерістерге ұшырады. Осылайша, БАҚ қызметін реттейтін заңнама конвергенцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық қызметтерді реттеу туралы нормативтік құқықтық актілермен толықтырылды.

Материалдар мен ғылыми тәсілдер

Мақалада шетелдік басылымдарда жарияланған 25-тен асатын дереккөздерден тұратын ғалымдар мен медиа мамандардың зерттеулері сарапталып, автордың жүргізген талдауына байланысты таңдап алынды. Осы библиографияның негізінде сұрыпталған, жүйеленіп іріктелген теориялық ұстанымдар мен контент-сараптаудан өткен мәліметтер қоры қорытынды тұжырым жасауға қолданылды. Тақырыпты талдап, болжауда 30 әдебиет пайдаланылды.

Желілік ақпараттық қоғам заманында медиасаланы құқықтық реттеу жаһандық медианың күн тәртібінде тұрғанын және тұрақты бір жүйенің жоқтығын көрсетті. Желілік ақпараттық қоғам кезеңінде қазіргі медиа саланы құқықтық реттеудің сипатын жасау барысында мақала авторы McQuail D., А.И. Черных, Ю.М. Батурич сынды шетел ғалымдарының пайымына сүйенеді. Масс-медиа қызметімен байланысты мәселелер қазіргі қоғамдағы масс-медианың әлеуметтік-нормативтік принциптерін талқылауда жетекші бағыт тұрғысында дамытылды.

Зерттеу тақырыбын талдауға сипаттау, бақылау және салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдермен қатар, құжаттарды сараптау, жүйелеу және социометриялық тәсілдер, шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйенген теориялық аксиоматикалық тәсілдер қолданылды.

Әдебиетке шолу

Автордың мақаланы әзірлеу барысында таңдап алған ғылыми әдебиеттердің саны 25, оның 23-і шет тіліндегі жұмыстар. Ақпараттық қоғамды қалыптастыру мен масс-медиа қызметін реттеуге қажетті маңызды мәселелер бойынша теориялық жағынан тұжырымдалған ғылыми жұмыстарды таңдау бағыты дұрыс. Олардың ішінде, McQuail D., Черных А.И., Батурич Ю.М., Marcus A., Y. Шрам, Батманова С. сынды ғалымдар мен сарапшы мамандардың еңбектері мен зерттеулерін атауға болады. Интернет барлық елдер мен континенттерде

ақпараттық қоғам қалыптастырудың негізгі және белсенді алаңы. NS Web Index мәліметтері бойынша, Қазақстандағы интернет жедел дамып келе жатқан бірден-бір медиаканал. 2015 жылдың шілдесінде ҚР-дағы интернет-пайдаланушылардың саны 3,47 млн.-ға жеткен. SimilarWeb рейтингіне сәйкес, 10 танымал интернет сайттарының арасында жетекші орынды В Контакте, майл ру-2, Ютуб-3, Google-4, Фейсбук-7, Инстаграмм-10 иеленіп отыр. Қазақстанда соңғы жылдары әлеуметтік желілердің ақпарат кеңістігіндегі орны арта түскен. Мысалы, 2016 жылдың күзінде Фейсбук аудиториясының қазақстандық сегменті 1 млн. адам болса, 2017 жылдың күзінде бұл көрсеткіш 2,5 млн. ға жетті.

Бұл мақалада қолданылған ауқымды ғылыми әдебиеттер мен жарияланымдарды сараптай келе, олар автордың гипотезаларын дәлелдеуге нақты және дұрыс таңдап алынған деп бағалай аламыз.

Негізгі бөлім. Талқылау

Қандай да бір мемлекетте бар құқықтық жүйеден басқа бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір құқықтық алаңда жұмыс істейді. Қазіргі Қазақстанның медиалаңы дәстүрлі баспасөзбен қатар интернет, электронды БАҚ, блог, түрлі сайттар мен контенттерден тұрады. Осы орайда медиасаланы реттеуде олардың спецификалық сипаттары ескерілуі тиіс. Бүгінде ақпараттық қоғамға ену кезеңдерінде Қазақстанның медиасаласын мемлекетті дамытуға бағыттау, үйлестіру, ақпараттық саясат және олардың өзара дамуына ықпалдасатын факторлармен қамтылған нормативтік құқықтық реттеу қажеттілігі туып отыр. Мемлекеттің, бұқаралық ақпараттық құралдарының, барлық мүдделі тұлғалардың назарын ақпараттық қоғамда өмір сүру жағдайын жасауға аудару және осы орайда бұқаралық ақпаратты реттейтін нормативтік-құқықтық заңнамаларды қайта қарастыру, жетілдіріп отыру қажеттілігі туындайды. ХХІ ғасыр ақпараттық технология заманында жаңа медианың ортаға енуі БАҚ функциясы мен пішінін, сондай-ақ, ақпараттық қауіпсіздікті нығайту, ақпарат алу, тарату және т.б. мәселелерді қайта қарау міндетін тудырды. Қазіргі Қазақстанда жүргізіліп отырған мемлекеттік саясат өзінің ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, әлемдік ақпараттық кеңістікке қосуға бағытталады.

БАҚ-тың қызметтік теориясы және нормативтік принциптер тақырыбын зерттеуші шетелдік, отандық ғалымдар медиаға шығатын

хабарламалар авторға жауапкершілік жүктейтінін айтады. Сондай-ақ, БАҚ-қа жүктелетін жауапкершілік зор. Сәйкесінше контентке қойылатын талап та мықты болмақ. Қазіргі қазақстандық медиажүйеде БАҚ-тың әр түрлі моделдерінің ерекшеліктері тоғысады. БАҚ жұмыс істеуінің төрт теориясы туралы еңбекте «Дамушы модель» (Модель развития) БАҚ және олардың жұмыс істеу ерекшеліктері қолданыстағы нормалар, мінез-құлық ережелері, белгілі бір заңдық ережелер шеңберінде іс-қимыл жасай отырып, институционалдық қоғамдық тәртіпті көрсетеді. Бұл ретте БАҚ-тың үнемі өсіп келе жатқан рөлі оларды қоғамдық сананың және жалпы қоғамның дамуын жеделдетудің немесе баяулаудың нақты факторына айналдырады деген тұжырымы бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғамдағы БАҚ функциясына үлкен міндеттер артып отыр. Қазіргі заманғы БАҚ-тардың жұмыс істеуінің әлеуметтік теориясын құру қажеттілігі пісіп-жетілді, ол тек трансшекаралық ақпараттық ағындарды ғана емес, ең алдымен біріккен Еуропа шеңберінде ұлттықтан тыс мемлекеттік-заң құрылымдарын жаһандану және қалыптастыру жағдайында олардың қызметінде туындайтын түбегейлі жаңа проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Бұл теорияда қазіргі заманғы БАҚ-тың қоғамдық рөлі, олардың “қоғамдық мүдделерге” қызметі туралы идея пайдаланылады, бұл масс-медиа қызметімен байланысты нәтижелердің кең спектрін көрсетеді. Бұдан тыс қазіргі қоғамдағы масс-медияның қызмет етуінің әлеуметтік-нормативтік принциптерін талқылау мүмкін емес. Д. Мак-Куэйл «Шеңбер» ретінде еркіндік, әртүрлілік, ақпарат сапасы, әлеуметтік және мәдени тәртіп, ынтымақтастық пен келісім қағидаларын ұсынды. Коммуникация теорияларында еркіндік ұғымын жаңа контексте түрліше түсінуге болады. Д. Мак-Куэйл БАҚ қызметінің институционалдық аспектілерін талдауда қоғамдық мүдделер мен коммуникациялық еркіндікті ескере отырып еркіндіктің мына параметрлерін ұсынды:

(даусыз) цензура жоқ, қандай да бір жағдайларға байланысты немесе үкімет тарапынан басқа да бақылау шараларының болмауы. Жаңалықтарды, пікірлерді жариялау және тарату құқығы бар және жариялауға тілек білдірмейтіндерді жариялауға қатысты міндеттемелер жоқ; (McQuail D., 1994).

(сондай ақ сөзсіз) азаматтар үшін білім мен мәдениетке, жеке көзқарасқа, жаңалықтарға еркін қол жеткізу мүмкіндіктері мен тең құқылық.

(анық емес) тиісті көздерден ақпарат алуда бұқаралық коммуникация құралдарының өздері үшін еркіндік бұқаралық коммуникация құралдары иелерінің немесе жарнама берушілердің жаңалық-тарды іріктеуге немесе көзқарастар білдіруге жасырын ықпалының болмауы;

(мүмкіндігінше, бірақ міндетті емес) жаңалықтар мен пікірдегі белсенді және сыни редакциялық саясат, мәдениет пен өнерге қатысты инновациялық және тәуелсіз баспа саясаты.

Демократиялық қоғамда ақпарат ағынының еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік теория шеңберінде БАҚ-тың негізгі функциясы былайша берілген:

билік құрылымдарын жүйелі бақылау және олардың қызметі туралы ақпараттандыру (бұл “күзет постары” (немесе бақылаушылар) функциясына жатады);

белсенді және ақпараттандырылған демократиялық жүйені және әлеуметтік өмірді ынталандыру;

әр түрлі мәдени мазмұнның идеяларын, ұсынымдарын және пікірлерін білдіру мүмкіндігі;

мәдениет пен қоғамды тұрақты жаңарту және өзгерту (Черных А.И.).

Сондай-ақ, Д. Мак-Куэйл ақпараттың түрлілігі мен ақпараттық сапасы туралы ұсынған тұжырымдамасының өміршендігін айтып өту керек. Мәселен, ақпарат сапалық стандартының Кодекстегі көрінісін:

бұқаралық коммуникация құралдары (әсіресе баспасөз және теледидар) адамдарды қоғам мен әлемдегі оқиғалар туралы ағымдағы жаңалықтар мен түсініктемелермен толық қамтамасыз етуі тиіс;

ақпарат нақтылық, ашықтық, шындық, сенімділік, фактілер мен пікірлерді бөлу мағынасында объективті болуы тиіс;

ақпарат теңдестірілген және бейтарап болуға, жұртты таң қалдыратын ақпарат болмауы керек, – деп болжауы БАҚ-тың функциялдық теориясы мен журналистердің жұмыс істеу принциптерін жасап нормативтік реттеудің тәжірибедегі қолданысын жоққа шығара алмаймыз.

XX ғасырдың ортасында қоғамда және журналистік ортада пайда болған масс-медиадағы істердің жағдайына қанағаттанбаушылыққа жауап ретінде әлеуметтік жауапкершіліктің ағылшын-америкалық теориясы пайда болды. Онда ақпараттық өнімді құру және таратуды индустрияға айналдыру жағдайында БАҚ қызметінің жаңа негіздерін іздестірді. Осы

кезенде Англия мен АҚШ-та бір мезгілде баспасөз бостандығының жағдайын талдау және БАҚ-тың әлеуметтік жауапкершілігін дамыту жөніндегі комиссиялар құрылды. Ұлыбританияда баспасөзде қоғамдық жауапкершілік пен қоғамға қызмет ету рухын дамыту үшін бас Кеңес құрылады, АҚШ-та бірқатар газет шығарушылар мен радио- және телестанциялар басшылары этикалық мінез-құлық кодекстерін әзірлей отырып, қоғамдық игілікке қызмет ету міндеттемесін өзіне қабылдайды.

Осы тұста “Баспаның төрт теориясы” авторларының бірі және америкалық коммуникативистиканың негізін қалаушы Ү. Шрамның 1950-1970 жылдары ақпараттық құралдардың экономикалық әл-ауқаты, журналистердің кәсіби этикасы мен қоғамдық мүдделердің арасындағы жауапкершілік-ізгілікті тепе-теңдік үшін объективтілік қағидаттарын сақтауға шақыруы БАҚ-тың жұмысын нормативтік реттеудің бағыттарын көрсетсе керек. Бұл теорияның жақтаушысы Шиллер экономикалық жағын ғана емес, ақпаратты жаһандық кеңістікте экспортталатын «объективті» өнім ретінде идеология мен америкалық ақпараттық индустрия механизмдері тұрғысынан талдаулар жасайды (Шиллер Г., 1980).

Медиасаланың негізі ақпарат, ақпараттық қызмет көрсету. Ақпараттық қатынас ақпараттық құқықпен реттеледі. Медиатеория нормативті немесе әлеуметтік сипатқа ие. Г.П. Бакулевтің пікірінше, нормативтік теория бұл медиа қалай жұмыс істеу керек немесе олардан нені күтеміз деген ұсыныстармен жұмыс істейді (Бакулев Г. П., 2010). Ал шетелдік зерттеушілер әзірлеген медианың әлеуметтік теориясы “БАҚ-тың қарауында саяси дүниетанымның түрлілігі”-мен сипатталады (Дунас Д. В., 2011).

А.Б. Агапов «ақпараттық құқық» терминін қолданып, ақпарат (бұқаралық ақпарат) өндірісіне қатысты қатынастарды ақпараттық қатынастар құрамына жатқызған. «Біздің көзқарасымызша, ақпараттық құқық» ақпаратты өндіру, қайта құру және тұтыну саласында туындайтын мемлекеттің күшімен қорғалатын әлеуметтік нормалар мен қатынастар жүйесі. Мұнда құқықтық реттеудің негізгі пәндері – ақпараттық қатынастар, яғни ақпараттық процестерді – ақпаратты құру, жинау, өңдеу, жинақтау, сақтау, іздеу, тарату және тұтыну процестерін жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастар», деп нақтылап өтеді (Дипломатический вестник; 2000, с. 51-56).

Ақпарат айналымының құқықтық мәселелері ақпаратты өндіру, қайта құру және тұтыну саласы

– ақпараттық сала моделі негізінде зерттеледі. Ақпарат құқықтық жүйе ақпараттық саланың негізгі объектісі ретінде медиасаланы реттеуде басты назарға алынуы тиіс. И. Ожеговтың «ақпарат-хабарламалар» деген анықтамасын атап өту керек (Рассолов М.М., 1999).

Ақпараттың түрлі салаға қатыстылығына қарай түрлері бар. Қолданыстағы заңнама актілерінде ақпараттық құқық нормативтері болады. БАҚ-тың жұмыс істеуінің құқықтық ерекшеліктері ұлттық заңнамаларды үйлестірудің өзектілігін төмендетпейді, тек оның қажеттілігін атап көрсетеді

Океанский Хартия өзінің маңызды құжатында жаһандық ақпараттық қоғамды белсенді қалыптастыру жолында елдегі биліктің қызметін жандандыруға шақырады. Хартияның күрделі кешенді процесінде басым рөл нормативтік қамтамасыз етуге бөлінген. Онда ақпараттық қоғамның нормативтік базасын жасап, бекітудің қажеттілігі айтылған. Және оның алдағы уақыттағы дамуы, білікті мамандар даярлау, ақпараттық қоғамның нормативтік қамтамасыз ету аясында халықаралық ынтымақтастықты орнату мәселелері қарастырылған. Елдер мен континенттерде ақпараттық қоғам болмысының қарқыны ақпараттық индустрия және оның қоғамдағы рөлі мен орны туралы түсінікті қайта қарауды талап етеді. Көптеген елдердің тәжірибесінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған ақпараттық саясатты қалыптастыру мен жүргізуге жауапты мемлекеттік органдардың қызметіне қарай сәйкесінше заң қабылданады.

Еуропалық елдерде Еуропа Кеңесінің қарары мен құжаттары ақпараттық қоғамның қалыптасуының түрлі аспектілеріне арналған. Еуропалық комиссия 1995 жылдың ақпан айында ақпараттық қоғамның қалыптасуының жалпы мәселелерін талқылау үшін Форум құрды. Форум жұмысының мақсаты – экономика мен жұмыспен қамтуға әсер ету; «виртуалды қоғамдастықта» әлеуметтік және демократиялық құндылықтарды құру; қоғамдық, мемлекеттік қызметтерге әсер ету; ақпараттық қоғамда білім беру, қайта мамандандыру, оқыту; БАҚ-тың мәдени өлшемі мен болашағы; тұрақты даму, технология мен инфрақұрылым сияқты салаларда ақпараттық қоғамның қалыптасу процесін қадағалау. Иә, ақпараттық қоғамның даму жағдайына ілесіп, жылдам бейімделе алмасак, бәсекеге қабілетті бола алмайтынымызды білдік.

1949 жылдың 5 сәуірінде Швецарияда баспа туралы Заң қабылданып, оның екінші

бөлімі азаматтардың ақпараттық құқығына арналады. Және Заңның нормалары мазмұны қазіргі ұлттық құқықтық жүйедегі осы құқықтық институттардың нормаларына жақын болды. Осы сынды нормативтік актілер Европа елдерінде сирек кездесті. Европа мемлекеттерінде бұдан басқа да азаматтардың ақпарат құқығы туралы нормалардың бар екендігін айта кету керек. Бұндай нормалармен баспа, сөз бостандығы, пікір білдіру реттеліп қана қоймай, сонымен қатар адамның жеке өміріне қол сұғу, отбасылық, телефон, телеграф және өзге де хабарламалық құпиялар, жеке бастың мәселелеріне қатысты ақпаратты алу, тарату нормалары бекітілген Заңмен реттеледі. Бұл нормалар көптеген Европа мемлекеттерінің заңнамаларындағы еркіндік пен азаматтардың құқығын қорғау туралы Европа конвенциясы қабылдағанға дейін бекітілген болатын. Жалпыға ортақ Декларация адам құқығы (1948, №19 бабы) және Европа конвенциясының ақпараттық құқығы (1950, №10 бабы) баптары сол кезде дербес болып саналмаса да, еркін пікір білдіру элементі ретінде танылды. Кейін бұл баптар құқықтың пайда болуына негіз болды. Жалпыортақ Декларациядағы адам құқығында немесе Европа конвенциясындағы ақпараттық құқықта ақпараттың түрлері, ақпаратты іздеу, алу, тарату нормалармен реттелмеген және айтылмаған. Тек алғашқы болып Европалық конвенцияда Югославия Федерациясы Республикасы адам құқығы мен еркіндігі туралы заңнаманы толық ашып идея ұсынған. Осылайша Конституцияның №40 бабында ақпарат алу туралы толық айтылған. 70-80 жылдардың аяғында пікір еркіндігі Европа конвенциясында адамдар құқығы және негізгі еркіндік ұсынылып, 124 ел Конституцияда бекітті. 1991 жылы Ресейде ақпаратқа құқық адам мен азаматтардың құқығы мен еркіндігі туралы Декларация қабылданып, кейін 1993 жылы Ресей, Қазақстан, 1992 жылы Эстония Түркіменстан, Украина (1996), Беларуссия (1994) Конституция қабылдады. Австрия, Нидерланд, Канада, Норвегия, АҚШ, Франция елдерінде Конституцияда еркін пікір білдіру жазбаша түрде бекітсе, Ұлыбритания елінің заң шығарушылары Конституцияда жазылмаған еркін пікір білдіруге кепілдік берілгенін айтады. Испания мен Германия елдерінде басқаларға қарағанда баспа өкілдерінің ақпаратты алу мен тарату құқығы басым. Заңға Канада, АҚШ, Австралия елдерінің заңнамалары азаматтардың жеке өміріне қол сұғу мен жала жабу туралы енгізген және федерация деңгейінде

қаралады. Австралия үкіметі бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты барлық сұрақтарды шешуге араласа алады. Канада жала жабу мен жеке өмірге қол сұғуға қатысты сұрақтарды федералды заңмен шешеді (<http://stud24.ru/2012>). Адам құқығын қорғау мен адам еркіндігі туралы Европа Конвенциясы әлемдік практикадағы негізгі құжат болып отыр. Шетелде БАҚ пен биліктің арақатынасын заңнама, яғни бір жағынан БАҚ еркіндігін, екінші жағынан ақпарат алу, еркін пікір білдіруде БАҚ-тың қоғам алдындағы жауапкершілігі мен міндеттемелерін белгілейтін адам құқығы реттейді. Бүгінгі таңда БАҚ қоғамдық пікірді қалыптастырушы құрал ғана емес, қоғам тарапынан биліктің жұмысын бақылаушы, яғни бұл функцияларын кедергісіз іске асыруды реттейтін құқықтық нормативтер ақпараттық қоғаммен өзара байланыста жүруі тиіс. Бұл демократиялық қоғамды қалыптастыруға ықпал етеді, сайып келгенде демократиялық елдерде билік БАҚ-ты басқара да, өз мақсатына пайдалана да алмайды. БАҚ-қа бақылау тек заң жүйесі арқылы іске асады. Сонда да мемлекет БАҚ көлеміндегі үдерістерді белгілі бір бақылау және реттеу мүмкіндіктерін сақтайды. БАҚ жұмысын бақылау мен реттеу заңнамалармен іске асырылады, сондай-ақ БАҚ-қа жәрдемдесу жолында үкіметтік арнайы бағдарламалар әзірленеді. ЕҚЫҰ Еуропалық қауіпсіздік Хартиясында (1999) еркін және тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс істеуі мен кез келген демократиялық, еркін және ашық қоғамның маңызды құрамдас бөлігі деп санайтын кедергісіз трансшекаралық және мемлекетшілік ақпарат ағындарының жұмыс істеуі үшін қажетті негіз құру жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттеме алынды (Рихтер А.Г., 2011).

Құқық көзі ұғымы құқықтың маңызды белгісі оның нормалары, әдет-ғұрыптарды қоспағанда, заңда немесе басқа ресми актіде әрдайым көрініс табуы болып табылады. Бұл акт халықаралық шарт, Жарлық, Қаулы, шешім, бұйрық, мемлекеттік орган өз өкілеттіктеріне және қажетті қабылдау рәсіміне сәйкес шығарған өзге де құжат болуы мүмкін. Бұл актілер құқық көздері деп аталады. Ал бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтің институт ретінде ақпарат кеңістігінде орын алатын әлеуметтік және құқықтық байланыстар арасындағы барлық өзара қарым-қатынас орнайды. Осыдан электронды БАҚ-тың құқықтық нормативтік реттеу заңнамасын жүйелеуге тырысып көрейік. Яғни, БАҚ ақпараттық қоғамды құрушы болса,

ақпараттық қоғамнан ақпараттық қатынас, ақпараттық құқық мәселелері туындайды. Ақпараттық қатынастар – бұл жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ақпаратты алу, тарату, қол жеткізу, алмасу және қорғау бойынша қатынастар, яғни басқа қоғамдық қатынастардың ақпараттылығымен және оны пайдалану мақсатындағы ақпаратпен түрлі операциялар болуы мүмкін.

А.Г. Рихтер «Международные стандарты и зарубежная практика регулирования журналистики» оқу әдістемесінде БАҚ-тың европалық құқығына ерекше көңіл бөлген (Рихтер А.Г., 2011). «Международные стандарты и зарубежная практика регулирования журналистики» оқу құралының авторы адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттан мынадай үзінді келтірген «пікір білдіру бостандығы қоғамның (демократиялық) негізгі құрамдастарының бірі және оның прогресі үшін, сондай-ақ әрбір адамның дамуы үшін қажетті шарт болып табылады». Бұл «тек сол «ақпаратқа» ғана емес, сондай-ақ мемлекетті немесе халықтың қандай да бір бөлігін қорлайтын, қорқытатын немесе қоздыратын «идеяларға» қатысты. Осындай талаптар плюрализм, төзімділік және ендік көзқарастар, онсыз «демократиялық қоғам» мүмкін емес» деп келтірілген. Яғни, сөз бостандығы ақпараттық қоғамды дамытушы фактор бола отырып демократиялық қоғамды қалыптастырушы дегенге саяды.

XXI ғасыр ақпараттық технология заманында жаңа медианың ортаға енуі БАҚ функциясы мен пішінін, сондай-ақ, ақпараттық қауіпсіздікті нығайту, ақпарат алу, тарату және т.б. мәселелерді қайта қарау міндетін тудырды. Қазіргі таңда ақпараттық-желілік қоғамға көшу жағдайындағы ҚР медиасаласы нормативтік-құқықтық реттеуді еліміздің Ата заңы мен БАҚ туралы заңға қосымша басқа елдер сияқты журналистік этика кодексімен үйлесімде іске асырып отыр. Журналистика және бұқаралық ақпарат құралдарының функциясы мен перспективалығы мемлекеттің тұтастығын, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға кепілдік беретін ҚР Конституциясы мен ақпараттық құқық, ақпараттық қатынастың бір бөлігі саналатын жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып ақпаратты тарату мен еркін пікір білдіру сияқты демократиялық мемлекетті қалыптастырушы факторларды реттейтін БАҚ заңнамасының бүгінгі таңда өзектілігі артып келеді.

Өзге елдермен қатар ҚР заңдылықтарында мемлекеттік құрылым адамның және азаматтың

құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын және қоғамдық мүддені білдіретін өзі үшін белгіленген құзыретіне сәйкес тұтынушының ақпаратқа қол жеткізуіне шектеу қойылмайды. Шектеулер тек мемлекеттік заңмен енгізілуі мүмкін. «Ақпараттық құқық» туралы А.Б. Агапова, Ю.М. Батурина, И.Л. Бачило, А.Б. Венгерова, М.М. Рассолова, Ю.А. Тихомирова және тағы басқа ғалымдардың зерттеулерінде кеңірек айтылған. Бұл авторлардың «информатикалық құқық», «компьютерлік құқық», «ақпараттық компьютерлік құқық», «ақпарат алу құқығы», «ақпаратқа құқық», «телекоммуникациялық құқық», сондай-ақ, «ақпараттық құқық» туралы еңбектері аталып жүр. Дегенмен, «Ақпараттық құқық» тақырыбын зерттеу объектісі ретінде жан-жақты талдап түсінік берген алғашқы ғалым Ю.М. Батурина (Батурина Ю.М., 1991). Оның айтуынша жоғарыда айтылып кеткен (адам құқығы, авторлық құқық, электрондық құжат айналымы т.б.) мәселелер мүлдем жаңа проблемалар емес, яғни ескі проблемалардың заманауи жаңғыруы деп түсіндіреді (Батурина Ю.М., 2000).

«ҚР бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға 2012 жылғы түзетулер әдеттегі дәстүрлі БАҚ пен интернет-ресурстар журналистердің құқықтарымен және жауапкершіліктерімен теңдестірілді. Бұл БАҚ ретінде тіркелген интернет ресурстарға қатысты айтылады.

Мемлекеттің ақпараттық саладағы мүдделері сол елдің мызғымастығын, саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ақпарат алу және оны пайдалану саласында адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сөзсіз қамтамасыз етуде тең құқықты және өзара тиімді халықаралық ынтымақтастықты дамыту жолында ақпараттық инфрақұрылымын үйлесімді дамыту үшін жағдай жасау болып табылады.

Адам құқығы Жалпыға ортақ Декларацияның 19 бабында және Европа Конвенциясының 10 бабында еркін пікір білдіру құқығына кепілдік берген. Онда құқық жария билік тарапынан және мемлекеттік шекараларға қарамастан, қандай да бір жариялық биліктің араласуынсыз ақпарат пен идеяларды алу және тарату, өз пікірін ұстану еркіндігін қамтитыны айтылған. ЕК адам құқығы жөніндегі 10-бабының пікір білдіру еркіндігі құқығының артықшыдығы, мемлекеттерге хабар тарату секторында лицензиялау механизмдерін құруға тыйым салмайды: «осы бап мемлекеттерге радиохабар тарату, теледидар

немесе кинематографиялық кәсіпорындарды лицензиялауды жүзеге асыруға кедергі келтірмейді». Осы бапта пікір білдіру бостандығына берілген құқықты шектеулер Қазақстан Конституциясы мен БАҚ туралы заңда көрініс тапқан.

«Мемлекеттік биліктің араласуынсыз және мемлекеттік шекараларға қарамайтын БАҚ-ты реттеудің халықаралық стандарттары мен ұлттық жүйелері бар. Оның «Пікір және оны білдіру еркіндігі» тұжырымдамасында пікір бостандығы, тарату, өзінің еркі бойынша жазбаша, ия ауызша формада өзі қалаған басқа да құралдардың көмегімен кез келген түрдегі ақпарат пен идеяларды іздеу, алу және тарату бостандығын қамтиды делінген. Бұл ҚР «БАҚ туралы Заңында: Сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі (ҚР БАҚ туралы заңы, 2-бап). **1999 жылы 23 шілдеде қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2009 жылдың 10 шілдесінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, заңнама жетілдірілді. Осылайша БАҚ пен журналистердің құқықтары мен кәсіби мүдделерін, бостандықтардың негіздерін кеңейтіп нығайта түсті.** Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР Заңындағы 3-баптың 3-тармағының 2-тармақшасы толығымен өзгертілді: мемлекеттік тілдегі хабарларды телевизиялық және радиобағдарламаларында тарату мерзімі алты сағаттан кем болмайтын уақыты нақты белгіленді. Жаңадан енгізілген өзгерістерге сәйкес 2-тараудағы 5-баптың 1-тармағы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өнімін шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асыруға, ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға тек мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлігі ғана емес, сонымен қатар телевизия және (немесе) радиобағдарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия да негіз болып табылады. Алайда бұқаралық ақпарат құралдарына белгіленген кейбір талаптар сайтқа қолданылмайды. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңның 5-бабына сәйкес интернет-ресурсты тіркеу немесе лицензия алудың қажеті жоқ. Олар шығарылған материалдарын сақтауға және міндетті данасын

жіберуге құқылы емес. Интернет ресурстары бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады, бірақ кейбір міндеттемеден босатылады. Арна, радио немесе газет сайтында, сондай-ақ Интернет желісінде ақпарат тарату бойынша жұмысты кез келген уақытта бастауға болады. Бұл үшін бірегей домендік атауды алу рәсімінен өтуге, сондай-ақ, хостингке арналған шарт жасасуға және ресурста ақпарат орналастыру жеткілікті (ҚР БАҚ турала заңы, 5 бап). 2010 жылдың желтоқсанында Қазақстанда өткен ЕҚЫҰ саммитінде «қауіпсіздік қоғамдастығына жол» атты декларация қабылданды. Декларациясының 6-бөлімінде: «Біз Адами өлшем саласында қабылданған міндеттемелер барлық қатысушы мемлекеттер үшін тікелей және заңды мүддені білдіретін мәселелер болып табылатынын және тиісті мемлекеттің ішкі істеріне ғана жатпайтынын үзілді-кесілді және түпкілікті растаймыз. Біз азаматтық қоғам мен еркін БАҚ атқаратын маңызды рөлді бағалаймыз, бізге толық көлемде адам құқықтарын, негізгі бостандықтарды, демократияны, оның ішінде еркін және адал сайлауды және құқық үстемдігін құрметтеуді қамтамасыз етуге көмектесеміз» деген сөздерінен журналистерге қоғам алдындағы жауапкершіліктің зор екенін көреміз.

Мәселен, 137 млн интернет пайдаланушысы бар Қытай елі кейбір интернет ресурстарына қол жеткізуге тыйым салу, белгілі бір бағыттағы ақпаратты тарату, сұхбат алу, жаңалықтар шығару құқығын шектеу түрінде интернет БАҚ контенті мемлекет тарапынан бақыланады. Интернет пен интернет БАҚ-ты бақылау саласында ҚХР Үкіметінің тәжірибесінде Дүниежүзілік тордың қытайлық бөлігін шектеп, Қытайда (ChinaTelecom, ChinaMobile және UniCom) жұмыс істейтін басты телекоммуникациялық компанияларды бақылауға алып, ҚХР басшылығы ел ішінде ақпараттық ағындарды бақылау жүйесін құра алады (Желтый журавль (Электронный ресурс). – Режим доступа: <http://jttours.ru/articles/china-add/china-internet-block-ways.html>). Түркия мемлекетінде 2014 жылы Парламент телекоммуникациялық директоратқа (ТІВ) сот санкциясынсыз сайттарды бұғаттауға, «проблемалық сөздер» бойынша анықталатын «қорлайтын контент» анықталған жағдайда интернет ресурсына қолжетімділікті шектеуге мүмкіндік беретін заң жобасын қабылдады (Lenta.ru (Электронный ресурс). – Режим доступа: <https://lenta.ru/news/2014/02/06/control/>). Екі елдің интернет ресурстарын Үкімет тарапынан бақылауындағы ұқсастық

«лас контенттерден» қоғамды шектеуінде. Осы сияқты Қазақстанда БАҚ туралы Заңға сүйенсек, БАҚ ретінде тіркелген интернет ресурстары жауапкершілікті көтереді. БАҚ-тың аудиторияны тарту белсенділігін оның контентін тұтынушысымен анықтауға болады. Сондай-ақ, электронды БАҚ-тың құрылысын, даму деңгейін, таралымын тұрғындардың санымен анықтай алады. Тұрғындар дәстүрлі БАҚ контент тұтынушыларын, сонымен қатар интернет-БАҚ ұсынған контенттерді қалыптастырады.

А.И. Черных әзірлеген демократиялық өкілдік моделінің сипаттамасы өз мүдделерін қорғау мақсатында азаматтардың және меншевиктердің БАҚ-қа қол жеткізу құқығына негізделеді. Бұл жағдайда БАҚ-ты ұстауды билік өкілдері бақыламауы тиіс. БАҚ өз аудиториясының қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс деген тұжырымға келген (Землянова Л. М., 2011).

Баспасөз бостандығын шектеу қазіргі кезде қоғамдық өмірдің екі үлкен саласына қатысты: мемлекеттік құпиялар мен әдепсіз сипаты бар және қоғамдық имандылыққа нұқсан келтіретін хабарламалар (сөз ең алдымен порнография туралы). Іс жүзінде барлық дамыған елдерде осы салалардағы ақпараттық ағындарды барынша қатаң регламенттейтін заңнамалық нормалар бар.

Қорытынды бөлім және нәтижелер

Жоғарыда айтылғандарды сараптай және салыстыра келе мынадай түйін жасауға болар еді: Ақпараттық құқық адамның негізгі құқықтарының бірі саналады. Ақпараттық құқық ақпараттық қоғамның нормативтік базасы ретінде, ақпараттық қоғамның өзі сияқты тек қана қалыптасады. Медиясаланың негізі ақпарат, ақпараттық қызмет көрсету. Ақпараттық қатынас ақпараттық құқықпен реттеледі. Медиатеорияның нормативті немесе әлеуметтік сипаттары болғандықтан мемлекеттік-құқықтық тұрғыда реттеліп отыру қажеттігі күмән туғызбауға тиіс.

Қазіргі қазақстандық медиажүйеде БАҚ-тың түрлі моделдерінің ерекшеліктері тоғысқан. Журналистиканың қызметін тиімді іске асыру мен оның дамуы үшін қолайлы құқықтық орта жасау, яғни журналистердің және бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларының мемлекеттік билік органдарымен, азаматтық қоғам құрылымдарымен және жекелеген азаматтармен өзара қарым-қатынасында демократиялық құқықтың үстемдігін белгілеу жағдайында мүмкін болады (2004; с. 7.).

Тәуелсіз мемлекеттерде БАҚ-тың даму процестері әлемдік тәжірибені ескеретін құқықтық реттеу мен өзін-өзі реттеу мүлде жаңа сипатқа ие болды. Ақпараттық желілік қоғамның қалыптасуы мен дамуын мемлекеттік саясатпен қарастыру журналистика мен БАҚ-тың даму жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл қазіргі қоғамдағы журналистиканың қызметін өзектендіруге, бұқаралық ақпарат бостандығы қағидаттары негізінде журналистік шығармашылықты оңтайландыруға ықпал ететін БАҚ-ты реттеудің нақты жүйесін құрудағы қоғамның қажеттіліктерімен анықталады.

Профессор Е.П. Прохоровтың айтуынша, қоғамның бұл ерекше әлеуметтік институты заңнама мен заңға тәуелді актілер, редакциялар жарғылары, этикалық Кодекстер және басқа да нормативтік құжаттар негізінде жұмыс істейді, содан кейін Е.П. Прохоров журналистиканың маңызды сипаттамаларын анықтауда бұқаралық ақпарат құралдарының кешенін, қызмет түрлерінің жүйесін, БАҚ-та жұмыс істейтін кәсіпқойлар мен кәсіпқойлардың жиынтығын, кәсіби мамандар жасайтын шығармалардың жиынтығын атап өтеді (Прохоров Е. П., 2005). XX және XXI ғ. басындағы жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы (бірінші кезекте – Web 2.0-ке көшу) осы ресурстарды пайдалану қабілеті тұрғысынан адамға үлкен талаптар қойып отыр, яғни әрбір ақпарат тұтыну жан-жақты сауатты болуы керек. БАҚ-тың әсері туралы жазған П. Лазарсфельд Бернад Берельсон әріптесі: “кейбір мәселелер бойынша хабарлардың кейбір түрлері, кейбір жағдайларда, адамдардың кейбір түрлеріне жеткізілген кейбір мәселелер бойынша белгілі бір әсер етеді” деуі шындыққа жанасымды (Berelson B. 1948). Сондықтанда журналистердің жауапкершілігі мен бұқаралық ақпарат бостандығын теріс пайдаланудың жалпы мәселелері, ақпараттық егемендікті қорғау мақсатында журналистердің қызметін шектеу, терроризмге және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бақылауды күшейту, сайлау құқықтары мен мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі шараларды пайдалану, ұлттық бірегейлік пен тілді нығайтуға байланысты шаралар; журналистердің этикалық нормалары мен өзін-өзі реттеуін нығайтуға байланысты осындай аспектілермен мемлекет пен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы қарым-қатынастарды дамытуға басым көңіл бөлінеді.

БАҚ қазіргі қоғамдағы ақпараттық алмасудың маңызды бөлігін қамтамасыз ететін

элеуметтік институт бола отырып, элеуметтік және саяси өзгерістерге байланысты процестерде елеулі рөл атқарады, өнімде осы үдерістерді ынталандырады.

Үкімет тарапынан БАҚ-қа цензураның болу салдарынан демократиялық принциптердің әлсіреуіне әкеледі, халықтың билікке сенімсіздігі туады. Бұдан БАҚ түбегейлі өмір сүруін тоқтатпаса да БАҚ-тың функциясы мен журналистік принциптерді толықтай жүзеге асыруда қиындықтар болады. Журналистика элеуметтік институт ретінде қоғам алдындағы міндетін орындауда қысымдық көріп қазіргі заманғы екі жақты байланыс моделінде емес бір жақты моделдің тар шеңберінде өз-өзін дамытудан қалады. Сәйкесінше, цензура болсын я болмасын журналистерден белгілі құпия ақпаратты жариялау туралы шешім қабылдау кезінде жоғары жауапкершілік жүктелуі тиіс. Журналистің бұл мәселедегі жауапсыз ұстанымы мемлекет қауіпсіздігінің мүдделеріне немесе басқа да қорғалатын мүдделерге зиян келтіріп

қана қоймай, сондай-ақ қоғамның БАҚ-қа деген сенімін жоғалтуы мүмкін, бұл өз кезегінде БАҚ-тың өзінің қоғамдық міндеттерін атқаруының қиындауына немесе мүмкін еместігіне әкеледі.

Жаһандану заманында ақпараттық желілік қоғамға көшу барысында ҚР-дың медиасаласын реттейтін нормативтік құқықтық заңнамалар әлі де әлсіз болып көрінуі мүмкін, десекте әр мемлекеттің жаһандық және ұлттық ерекшеліктер басты назарда болуы керек. Ақпараттық электрондық технологияның дамуы мен оны пайдалану мүмкіндіктері және оның салдарын ескеріп бүгінгі күні медиасаладағы құқықтық қатынастарды ұйымдастыру және құқықтық құралдармен реттеу мәселесін көтеру әбден орынды. Ақпарат айналымының құқықтық мәселелері ақпаратты өндіру, қайта жүйелеу және тұтыну салалары – ақпараттық сала моделі негізінде зерттеледі. Сондықтан, ақпарат құқығының жүйесі ақпараттық саланың негізгі объектісі ретінде қаралып, медиасаланы реттеуде басты назарға алынуы тиіс.

Әдебиеттер

Батманова С. (2009). Особенности журналистского процесса в сети Интернет (на опыте США) // Научно-культурологический журнал, (7).

Бакулев Г.П. (2010). Массовая коммуникация: западные теории и концепции: учеб. пособие. – Изд-е 2-е. – М.: Аспект Пресс. 192.

Батурин Ю.М. (1991). Проблемы компьютерного право. – М.

Батурин Ю.М. (2000). Телекоммуникации и право-вопросы стратегии // Центр «Право и средства массовой информации». Серия «Журналистика и право». Вып. 26.

Berelson B. (1948). Communication and Public Opinion. Urbana, 500.

Castells M. (1996). The Information Age: Economy, Society and Culture. Maiden – Massachusetts, USA. Oxford, UK, Vol. 1. The Rise of Network Society. Blackwell Publishers. 624.

Дунас Д. В. (2011). К вопросу о классификации теорий СМИ // Вестник Московского университета. Журналистика, 10 (4). 27-41.

Декларация принципов «Построение информационного общества – глобальная задача в новом тысячелетии» Всемирная встреча на высшем уровне по вопросам информационного общества. (2004) // Законодательство и практика массмедиа, (1).7.

Domínguez-Navarro S., González-Rodríguez M.R. Social Media managerial implications for budget accommodation venues: use of Social Media platforms more effectively and efficiently. *Quality & Quantity*, 2019. Retrieved from: <https://link.springer.com/article/10.1007/s11135-019-00932-3>. <https://doi.org/10.1007/s11135-019-00932-3>

Землянова Л. М. (2011). Теоретические принципы сравнительного анализа медийных систем в трудах Даниела Халлина и Паоло Манчини, их адептов и оппонентов (Электронный ресурс).

Интернет и интерактивные электронные медиа: исследования: сборник Лаборатории медиакультуры, коммуникации, конвергенции цифровых технологий. (2007) / Под ред. И. И. Засурский. – М.: МГУ. 262.

Кравченко Н.П.; Шувалов С.С. (2014). Конвергенция как элемент становления, укрепления и развития перспективной коммерческой модели современных российских региональных СМИ. Вестник адыгейского государственного университета, 2: филология и искусствоведение. Изд. Адыгейский государственный университет (Майкоп). 249-253

ҚР БАҚ туралы заңы, 2-бап

ҚР БАҚ туралы заңы, 5-бап

Контроль за Интернетом в Китае: как это делает Правительство. (Дата доступа: 28.08.2018). Желтый журавль (Электронный ресурс). Режим доступа: <http://jttours.ru/articles/china-add/china-internet-block-ways.html>.

Луканина М.В. (2006). Текст средств массовой информации и конвергенция // Политическая лингвистика. – Екатеринбург: Вып. 20. 205-214.

Lewandowsky S., Cook J., Fay N., Gignac G.E. Correction to: Science by social media: Attitudes towards climate change are mediated by perceived social consensus. *Memory & Cognition*, 2019. Retrieved from: <https://link.springer.com/article/10.3758%2Fs13421-019-00965-x> <https://doi.org/10.3758/s13421-019-00965-x>

Marcus A. (2013). Effect of Convergence Culture on Spectatorship. *e-Research: A Journal of Undergraduate Work*, Vol 3, (3).

Макушин А. Б. (2010). Влияние информационных интернет-технологий на развитие новостных телевизионных форматов; Качкаева А. Г. Журналистика и конвергенция: почему и как традиционные СМИ превращаются в мультимедийные / под ред. А. Г. Качкаевой. – М.: ВШЖ. 6.

McQuail D. (2000). Mass Communication and Public Interest: Towards Social Theory for Media Structure and Performance// Crowley D., Mitchell D. (eds.) *Communication Theory Today*. L.: Polity Press, 1994. P. 241-254. *Idem*. McQuail's Mass Communication Theory. 4th ed. Sage. 141-162.

Парламент Турции одобрил блокировку сайтов без санкции суда. (Дата доступа: 31.08.2018). Lenta.ru (Электронный ресурс). Режим доступа: <https://lenta.ru/news/2014/02/06/control/>.

Прохоров Е. П. (2005). Исследуя журналистику. – М. 43.

Рассолов М.М. Информационное право. – М., 1999.

Рихтер А.Г. (2011). Международные стандарты и зарубежная практика регулирования журналистики: учебное пособие. Издание ЮНЕСКО. – М. 360.

Шиллер Г. (1980). Манипуляторы сознанием. – М.

Хартия Глобального информационного общества (Окинава). (2000) // Дипломатический вестник, (8). 51-56.

Haslam D.M., Tee A., & Baker S. (2017). The Use of Social Media as a Mechanism of Social Support in Parents. *Journal of Child and Family Studies*, 26(7), 2026–2037. <https://doi.org/10.1007/s10826-017-0716-6>

Электронды ресурстар:

<http://nashaucheba.ru/> Черных А.И. Социология массовых коммуникаций

<http://stud24.ru/aviation/pravovoe-regulirovanie-deyatelnosti-smi-v/260413-772620-page1.html>

Сайт «Право и средства массовой информации». URL: www.medialaw.ru/article10

References:

Batmanov S.(2009). Ossobennosty zhurnalistscogo processa v sety Internet (na opyte SSHA). *nauhno-culturologicheskii zhurnal*. [Peculiarities of the journalistic process on the Internet (on the US experience)]. Scientific-cultural journal, (7).

Bakulev G. P. (2010). Massovaya communicatya: zapadnye teorii i conceptcii. [Mass communication: Western theories and concepts: studies. Benefit]. Izd-e 2-e, Rev., M.: Aspect Press. 192.

Baturin Y.M. (1991). Problemy computernogo pravo. [Computer problems right]. M.

Baturin Y. M. (2000). Telecommunicatia i pravo – voprosy strategii. [Telecommunications and the right strategy issues]. Centr “Pravo i sregstva massovoi informatii. Seriya «Zhurnalistika i pravo». Series “Journalism and Law”. Vyp. 26.

Berelson B. (1948). *Communication and Public Opinion*. Urbana, 500.

Castells M. (1996). *The Information Age: Economy, Society and Culture*. Maiden – Massachusetts

Dunas D. V. (2011). K voprosu o classificatii teorii SMY. [On the classification of media theories]. *Bulletin of the Moscow University. Journalism*, 10 (4). 27-41.

Declaratya principov “Postroenye informacionnogo obshestva – globalnaya zadacha v novom tysyachaletii” Vsemirnaya vstrecha na vysshem urovne po voprosam informacionnogo obshestva. [Declaration of principles “Building an information society – a global challenge in the new Millennium” world summit on the information society]. (2004). *Zakonodatel'stvo i praktika massmedia*, (1) .7.

Dominguez-Navarro S., González-Rodríguez M.R. Social Media managerial implications for budget accommodation venues: use of Social Media platforms more effectively and efficiently. *Quality & Quantity*, 2019. Retrieved from: <https://link.springer.com/article/10.1007%2Fs11135-019-00932-3>. <https://doi.org/10.1007/s11135-019-00932-3>

Zemlyanova L.M. (2011). Teoricheskiye principy sravnitel'nogo analiza mediinykh system v trudah Daniel Hallina I Paolao Mancini, ih adeptov I opponentov. [Theoretical principles of comparative analysis of media systems in the works of Daniel Hallin and Paolo Mancini, their adherents and opponents]. (Electronnyy resurs).

Internet i interaktivnyye elektronnyye SMI. [Internet and Interactive Electronic Media]. (2007) *Issledovaniye: sostavlениye Laboratorii mediakul'tury, kommunikatsii, tsifrovoy konvergentsii: pod red. I.I. Zasurskiy*. M.: MGU. 262.

Kravchenko N. P.; Shuvalov S.S. (2014). Convergenciya kak element stanovleniya, ukrepleniya I razvitiya perspektivnoy kommerceskoy modeli sovremennykh rossyskikh regionalnykh SMY. [Convergence as an element of formation, strengthening and development of a promising commercial model of modern Russian regional media]. *Vestnik Adygeyskogo gosudarstvennogo universiteta*, 2: Filologiya i istoriya iskusstv. Izdatel'stvo: Adygeyskiy gosudarstvennyy universitet (Maykop). 249-253.

KR «BAK turalı» Zañı, 2-bap. [Law of RK on Mass Media, Article 2].

KR «BAK turalı» Zañı, 5-bap. [Law of RK on Mass Media, Article 5].

Kontrol' za internetom v Kitaye: kak eto delayet pravitel'stvo. [Internet control in China: how the Government does it]. (Data dostupa: 28.08.2018). *Zheltyy zhuravl' (Elektronnyy resurs)*. – Rezhim dostupa:http – Rezhim dostupa: <http://jttours.ru/articles/china-add/china-internet-block-ways.html>.

Lukanina M. V. (2006). Text sredstv massovoy informacy I convergenciya, [Text of mass media and convergence]. *Politicheskaya linguistic*. Ekaterinburg, Vypusk. 20. 205-214.

Lewandowsky S., Cook J., Fay N., Gignac G.E. Correction to: Science by social media: Attitudes towards climate change are mediated by perceived social consensus. *Memory & Cognition*, 2019. Retrieved from: <https://link.springer.com/article/10.3758/s13421-019-00965-x> <https://doi.org/10.3758/s13421-019-00965-x>

Marcus A. (2013). Effect of Convergence Culture on Spectatorship. *e-Research: A Journal of Undergraduate Work*, Vol 3, (3).

Makushin A.B. (2010). Vlyanie informacionnyh internet-tehnology na razvitye novostnyh televisionnyh formatov [The impact of information technology on the development of television news magazine formats]; Kachkaeva A. G. *Zhurnalistika i konvergentsiya: pochemu i kak traditsionnyye media prevrashchayutsya v mul'timedia* [Journalism and convergence: why and how traditional media are transformed into multimedia]. ed .A G. Kachkaeva. M: VSZH, 6

McQuail D. *Mass Communication and Public Interest: Towards Social Theory for Media Structure and Performance*. [Mass Communication and Public Interest: Towards Social Theory for Media Structure and Performance] //Crowley D., Mitchell D. (eds.) *Communication Theory Today*. L.: Polity Press, 1994. P. 241-254. Idem. *McQuail's Mass Communication Theory*. 4th ed. Sage, 2000. P. 141-162

Parlament Turtsii odobril blokirovku saytov bez sanktsii suda. [The Turkish Parliament approved the blocking of sites without a court order] (Data dostupa: 31.08.2018). Lenta.ru (Elektronnyy resurs). Rezhim dostupa: <https://lenta.ru/news/2014/02/06/control/>.

Prokhorov E. P. (2005). *Issleduya zhurnalistiku*. [Exploring journalism]. M.43.

Rassolov M.M. *Informatoinnoe pravo*. (Information right). M. 1999.

Rihter A.G. (2011). *Mezhdunarodnie standarti i zarubezhnaya praktika regulirovaniya zhurnalistiki*: [International standards and foreign practice of regulation of journalism]: uchebnoe posobie. Izdanie UNESKO. M. 360.

Schiller G. (1980). *Manipulatory soznanyem*. (the mind Manipulators). M

Hartya Globalnogo informatsionnogo obshestva (Okinavaq.) (2000). [Charter of the Global information society (Okinawa)]. *Diplomaticheskii vestnik*, (8). 51-56.

Haslam D.M., Tee A., & Baker S. (2017). The Use of Social Media as a Mechanism of Social Support in Parents. *Journal of Child and Family Studies*, 26(7), 2026–2037. <https://doi.org/10.1007/s10826-017-0716-6>

Electronic resources:

<http://nashaucheba.ru/> Chernyh A.I. *Socialigya massovyh kommunikacii*. [Sociology of mass communications].

<http://stud24.ru/aviation/> *Pravovoe regulirovanie deyatel'nosti v smi*. [Legal regulation of activity in the media.]/260413-772620-str1.abzl

Sait “Pravo I sredstva massovoy informacii”. [Site “Law and the media”]. URL: www.medialaw.ru/article10.